

«№40 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН
ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ
ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Күні: 11.10.2023ж.

Қатысқандар, БРАКЕРЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Мектеп директоры –Ж.У.Терекова
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – А.Д.Дилмагамбетова
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Г.С.Оразова
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Г.С.Баевшева
5. Әлеуметтік педагог-М.Е.Өтегенова
6. Бас есепші – Г.Д.Сарсембаева
7. Медбике –Э.К.Табанова

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

1. **Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –Г.С.Оразова Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы**

Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру мақсатында әкімшілік кезекшілік кестесі құрылған. Күнделікті кезекші әкімшілік, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог мектеп асханасын тексереді және төмендегі міндеттерді атқарады:

- ✓ Асханада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау;
- ✓ Тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушыларды түгендеу;
- ✓ Тамақ сапасын бақылау;

Тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асханадан оқушы денсаулығына қауіпті заттардың сатылмауын қатаң түрде сақтау туралы ескерту айтылды. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

2023-2024 оқу жылының 01 қазан айынан бастап ЖБББ қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізіміне ата-анасының өтініші негізінде әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасыларынан шыққан оқушылар тізімге қосылсын:

2023-2024 оқу жылының қазан айында ЖБББ қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың жаңа тізімі бекітілсін.

2. Әлеуметтік педагог –Өтегенова М.Е Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Қыркүйек айы бойынша оқушылардың себепсіз сабаққа келмеу негізінде оқушының тамаққа бармауы тіркелмеді. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көп балалы отбасыдан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы және мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау мақсатында комиссия құрамының жұмыс жоспарына сәйкес АКТ жасалды.







Сонымен қатар, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы мен тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер берілді. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Шешімі:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру әрі қарай жалғассын.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануы бақылауға алынсын.

Бракераждық комиссия мүшелері:

1. Ж.У.Тереқова 
2. Г.С.Оразова 
3. А.Д.Дилмагамбетова 
4. Г.С.Баешова 
5. М.Е.Өтегенова 
6. Г.Д.Сарсембаева 
7. Э.К.Табанова 